

Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017 – 2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 912 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017 – 2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 387 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017 – 2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім б о й ы н ш а) :

1) Жоспарды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) жарты жылда бір рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017 – 2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясының (бұдан әрі – Кешенді стратегия) іске асырылуына мониторинг пен жыл сайынғы бағалауды жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Кешенді стратегияның орындалуы туралы шоғырландырылған есепті 2020 жылғы 25 ақпаннан кешіктірмей қарауға енгізісін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 29 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017 - 2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Іс-шаралар жоспарына өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 24.07.2017 № 443 қаулысымен

Р/с №	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017 – 2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын іске асыру жөніндегі индикаторларды есептеу тетігін әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	ІМ (жинақтау), ҰӘМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
2.	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыру бойынша "Қақпа алдында кездесу" әлеуметтік жобасын әзірлеу	әлеуметтік жоба	ІМ (жинақтау), Еңбекмині, ҮЕҰ (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2017 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
3.	ҚАЖ мекемелерін тарату кезінде босатылатын штат санын қайта бөлу есебінен пробация қызметін нығайту жөніндегі шаралар қабылдау	бұйрық	ІМ	2017 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
4.	ІМ-нің ведомстволық сайтында "Қайта әлеуметтендіру" ақпараттық жаңартылатын айдарын құру	ақпараттық айдар	ІМ (жинақтау), Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді

5.	Босатылғаннан кейін сотталғанды тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу тетігін пысықтау	бірлескен хаттамалық шешім	ПМ (жинақтау), Еңбекмині	2017 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
6.	ҚАЖ мекемелері бірінің базасында сотталғандардың қазіргі ақпараттық технологиялар арқылы отбасыларымен бейнекездесулер ұсынудың пилоттық жобасын жүзеге асыру	пилоттық жоба	ПМ	2017 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
7.	"Әлеуметтік бондтар" қағидаты бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру мүмкіндігін пысықтау	жұмыс тобы, хаттамалық шешім	ПМ (жинақтау), Еңбекмині, Қаржымині, ҰЭМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
8.	ПМ Қостанай академиясының тақырыптық жоспарларына сотталғандарды қайта әлеуметтендіру мәселелерін зерделеуді қосу	тақырыптық жоспарлар	І І М	2017 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
9.	Жұмысқа орналастыру кезінде БП-ның арнайы есептері бойынша мәліметтердің болуы не болмауы туралы ақпаратпен танысу құқығы бар адамдар шеңберін шектеу жөніндегі шаралар қабылдау	бұйрық	БП (келісім бойынша)	2017 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
10.	ККО қызметінің тиімділігін арттыру және ҮЕҰ жұмысына тарту мақсатында олардың ұйымдастырушылық құрылымы мен құзыретін қайта қарау	бұйрық	ПМ (жинақтау), Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді
11.	Тұрақты мекенжайы жоқ адамдарды бейімдеуге арналған жұмыс істеп тұрған орталықтарды өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталықтарға қайта бейімдеу мәселесін пысықтау	жұмыс тобы, хаттамалық шешім	Еңбекмині (жинақтау), ПМ, ҰЭМ, БП (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді
	ҚАЖ мекемелерінде ұсталатын азаматтарды пробацияның барлық кезеңдерінде (сотқа дейінгі, үкімдік,				

12	пенитенциарлық, пенитенциарлықтан кейін) қайта әлеуметтендірудің жеке бағдарламаларын жасау әдістемесін әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	ПМ	2017 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді
13	ҚАЖ мекемелерінен босатылғандардың әлеуметтік маңызды немесе өзге де ауыр аурулардан зардап шеккен науқастарды емдеу сабақтастығы тетігін әзірлеу	бұйрық	ПМ (жинақтау), ДСМ	2017 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді
14	Пробация қызметінің жұмысына жеке басты зерделеудің қазіргі заманғы әдістерін, оның ішінде қайта әлеуметтендіру процесін дараландыру мақсатында (Risk-needs-responsibility) қылмыстардың қайталану тәуекелдері мен оңалту мүмкіндіктерін бағалауды талдауға негізделген) тәуекелдердің алдын алу жүйесін енгізу	әдістемелік ұсынымдар	ПМ (жинақтау), БП (келісім бойынша)	2017 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді
15	Пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды қайта әлеуметтендіру процесіне волонтерлерді тарту	пилоттық жоба	ПМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді
16	ҚАЖ мекемелері бірінің базасында "оңалту түрмесі" пилоттық жобасын жүзеге асыру	пилоттық жоба	ПМ	2018 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
17	Пробация қызметінде ерікті тәлімгерлер институтының пилоттық жобасын енгізу ("тең теңімен" қағидаты бойынша)	пилоттық жоба	ПМ	2018 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
18	Оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, сотталғандардың білім алуы жөніндегі пилоттық жобаны жүзеге асыру	пилоттық жоба	ПМ (жинақтау), БҒМ	2018 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
19	Қылмыстық жазаларын өтеп жатқан адамдардың және қауіпсіздігі аралас мекемелерде қамауда ұсталатын адамдардың сандық және сапалық құрамына әлеуметтік зерттеулер жүргізу әдістемесін әзірлеу	әдістеме	ПМ (жинақтау), ҮЕҰ (келісім бойынша)	2018 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді
20	ПМ Қостанай академиясының базасында пробация мамандарын оқыту орталығын құру	бұйрық	ПМ	2019 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді
21	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде	әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің	ПМ (жинақтау), Еңбекмині, облыстардың, Астана және	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді

	есепте тұрған азаматтарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету	жеке бағдарламалары	Алматы қалаларының әкімдіктері		
22	Пробация қызметінде есепте тұрған кәмелетке толмағандарды оңалту мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен және коммерциялық емес қорлармен меморандумдар жасасу	меморандумдар	ПМ (жинақтау), ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді
23	ҮЕҰ қолдауымен пробация қызметінде есепте тұрған кәмелетке толмағандарға арналған пробация бөлмелерін ашу	пробация бөлмелері	ПМ (жинақтау), ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді
24	Пробация қызметінде есепте тұрған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік іс-шараларға тарту	конкурстар, спорттық жарыстар, жастар қозғалысы	ПМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді
25	Сотталғандарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды жұмыспен қамтудың жеке нысандарын дамытуға кәсіпкерлік субъектілерін тарту	шарттар	ПМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді
26	Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға жұмыс орындарын құру үшін ҚАЖ кәсіпорындарында жаңа өндіріс түрлерін ашу	жаңа өндіріс түрлері	І І М	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді
27	Сотталғандарды қайта әлеуметтендіру саласындағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру үшін ҮЕҰ мен қоғамдық бірлестіктерді, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде тарту	меморандумдар, келісімшарттар	ПМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, ҮЕҰ (келісім бойынша)	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді
28	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдар бойынша Еңбекмині ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған ПМ ҚАЖ орталықтандырылған автоматтандырылған дерекқоры арқылы ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру	ақпараттық алмасу	ПМ (жинақтау), Еңбекмині	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді
29	ПМ Қостанай академиясында пробация қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету	біліктілігін арттыру курстары	ПМ	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді

30	Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оналтудың 2017 – 2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы барысы туралы есептерді бұқаралық ақпарат құралдарында және ПМ ведомстволық сайтында орналастыру	жарияланымдар	ПМ	2017 – 2019 жылдар	талап етілмейді
----	---	---------------	----	--------------------	-----------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

- БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
- ПМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
- Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
- БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
- ДСМ - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
- Еңбекмині - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
- ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар
- ККО – қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың жанындағы консультациялық-кеңесші орган
- ҚАЖ – қылмыстық-атқару жүйесі